

## **Екпін ауылдық округінің Екпін ауылындағы атауы жоқ көшеге атау беру туралы және көшені қайта атау туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Екпін ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 8 ақпандағы № 4 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 10 ақпанда № 8403 болып тіркелді

*ЗҚАИ-ның ескертпесі.*

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 - бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 28 желтоқсандағы қорытындысына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып Екпін ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Тарбағатай ауданы Екпін ауылдық округінің Екпін ауылындағы атауы жоқ көшеге "Бадерикамал Солтанғазықызы" атауы берілсін.

2. Тарбағатай ауданы Екпін ауылдық округінің Екпін ауылындағы "Квартал №2" көшесі "Қапатай Жанқайыров" көшесі деп қайта аталсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім*

*А. КАПАТАЛОВ*